

практически все страны Совета по Сотрудничеству входят в ОПЕК.

И все же в Ближневосточном регионе ЕС выступает как экономическая, а не политическая сила; последняя все еще находится в руках США и реализуется в рамках НАТО. Возможно, если Соединенные Штаты признают свою несостоятельность относительно контроля ситуации в Ираке, то Европейский Союз сможет стать новой силой в этом регионе /8/.

В целом, подводя общий итог, можно определить возрастающее значение Ближнего Востока для стран - членов ЕС и для всего Европейского Союза с точки зрения обеспечения энергетической безопасности и укрепления стратегического сотрудничества рассматриваемых регионов в энергетической области.

1. http://ec.europa.eu/external_relations/energy/index.htm
2. BP Amoco, Statistical Review of World Energy, 1999, в кн. Майкл Клар. Войны за ресурсы. Новый ландшафт глобальных конфликтов. Нью-Йорк, 2002, С.27.
3. (Michlael T. Klare. Resource Wars. The New Landscape of Global Conflict. NYC, 2002., Wealth, Resources, and Power: The Changing Parameters of Global Security).
4. European Commission. Energy Statistics Pocketbook 2007 in Youngs R. Europe's new foreign policy, P.52.
5. European Commission. Energy Statistics Pocketbook 2007 in Youngs R. Europe's new foreign policy, P.52.
6. Youngs R. Energy Security: Europe's new foreign policy Challenge, Taylor & Francis, 2009, P.53.

7. Tsvi Bisk. The Energy Project: INDEPENDENCE BY 2020. The futurist. Washington: Jan/Feb 2007. Vol. 41, Iss. 1; pg. 25, 7 pgs.

8. Дэвид Холл Политика добрососедства ЕС: последствия для общественного обслуживания и профсоюзов 7 февраля 2006 года

9. http://www.epsu.org/IMG/pdf/2006-01-EU-ENP_FINAL_RUS_1.pdf

10. Усов П. Геоэнергетическая политика ЕС. // Новая Европа http://n-europe.eu/article/2008/08/27/geoenergeticheskaya_politika_es_i.

Мақала Евроодақтың Таяу Шығыстағы энергетикалық саясатына арналған. Автордың фйтуы бойынша Еуроодақ бұл аймақтан мұнай (32%) мен газдың (27%) бірталай бөлігін импорттайды. XX ғасырдың 1990 жылынан бастап ЕО жаңа энергетикалық саясат жүргізуге тырысып жатар. Таяу Шығыс елдерімен ара қатынасында Еуроодақтың энергетикалық қауыпсіздікті сақтаудағы жоспарында маңызды орын алып отыр, неге десе ол ЕО сыртқы саясатың маңызды бағыттарының бірі болып отыр.

The article is devoted to the energy policy of the European Union towards the states of the Middle East. The author shows that the significant part of oil (32%) and natural gas (27%) are imported by the European Union from this region. Since 1990's of the XX century the EU is conducting the new energy policy. The relationship with the states of the Middle East plays the great role in the plans of the EU for providing of energy security which has become the one of the goal of the EU foreign policy.

Қ.Ә. Жүніс

ЛИВАН - ИЗРАИЛ ҚАҚТЫҒЫСЫНДАҒЫ ИСЛАМ ФАКТОРЫ

Ливан - Израил қақтығысында исламның алатын орны ерекше. Оның тарихи тамыры тереңде жатыр деп айтуға болады. Таяу шығыста ислам қағидасын көш басшы ретінде негізге алу арқылы бірнеше партиялар құрылды. Олардың қатарында: «Хамас», «Хезболла», «Фатх»,

«Ағайынды мұсылмандар». Ливанда қызмет етуші партия Хезболла (Аллах партиясы) деген ұғымға келеді.

Бүгінгі күні бұл партия туралы айтқан кезде біріккен ливандық шииттік ұйымды сипаттайды. «Хезболла» партиясы идеялары XX ғасырдың ортасында Иран

мен Иракта шииттер арасындағы көзқарастар жиынтығының нәтижесі деп пайымдауға болады. Партияның негізгі саяси күші аймақта шоғырланғанымен Иранда күшейді. «Хезболла» қозғалысы Хомейни аятолла атымен ұласып, 1979 жылы исламдық революцияның жеңуінен кейін аймақта орнықты.

«Аллах партиясы» деп атануының өзі қозғалыстың таралу кеңдігін ғана емес, әрбір мұсылманның ашық немесе жабық түрде «Хезболла» мүшесі деп тануында еді. Қозғалыстың құжаттарында: «Біз жабық және кіші ұйым немесе саяси партия да емеспіз. Біздің әлемдегі барлық мұсылмандармен қатысымыз бар. Бізде күшті идеологиялық және саяси исламмен негізделетін міндеттер бар». «Хезболланың» бөлімдері Палестинада, Түркияда, Иракта орналасқан. Алайда, олардың танымалдығы, саяси ықпалы, әскери күштілігі жағынан Ливанда орналасқан «Хезболла» ұйымына жетпейді /1/.

Ұйым Ливанда 1980 жылдардың бас кезінде тарихи сахнаға шықты. Алғашқы кезде ол ирандық ислам революциясын зерттейтін ұйым ретінде анықталды. Топтың көш басшысы шейх Сейид Мухаммад Хусейн Фадлаллах. 1982 жылы Израил Ливанға басып кірген кезде ұйым мүшелері Тегеранның «ислам революциясы жақтаушыларымен» бірігіп, ұйымдас-ты. Оны ұйымдастыру қиын болмады. «Сақшылар» мүшелігіндегілер Хузистан ирандық ауылынан шыққандардан құрылды, өз кезегінде ұйым аймақтағы араб пікірімен санасты. Оған қоса, «Ислам революциясын қоршаған ирандық әскери корпус» Ливандағы шииттік қозғалысқа көмектесу мақсатын көздеді.

«Хезболла» ұйымының көшбасшылары аятолла Хомейнидің сенім қағидаларына табынып, оның саяси көз-қарастарын «сионизм мен империализмге қарсы джихад» деп таныды. Күрестің мақсаты: Израил, АҚШ, Франция жаулап алушы әскерлерін Ливан аймағынан шығарып, Иерусалим үстінен ислам бақылауын орнатып, Ливанда ислам мемлекетін орнықтыру. «Хезболла» декларациясында: «Ливан мәселесін шешу - Ислам республикасын құру арқылы ғана

бейбітшілік пен теңдікті ливандықтарға қол жеткізуге болады» - деп пайымдады.

Алғашқы кезде топтасқан кіші ливандық шииттер Ливан басшылығына және аймақтың басым көпшілігін басып алған Израилге еш қарсылық көрсете алмағандықтан, аймақта тілге тиек қылып айтатындай мәселе көтере алмады. Алайда, аз уақыт ішінде «Хезболла» жақсы ұйымдасқан қозғалысқа айналды. «Хезболла» партия құрылымына тоқталсақ: 12 адамнан тұратын Жоғары Кеңеспен басқарылады. Кеңес аппараты 7 бөлімшеден құрылған. Оның құрамына дипломатиялық, әскер, әлеуметтік, үгіт - насихат немесе тыншылық бөлімшелері кірді. Ең негізгі мәселелерді рухани көшбасшылар яғни, ливанның және иранның шииттік қауымдастығы шешеді. Ұйымда қатал тәртіп орнатылған. Ұйым мүшелері Жоғары Кеңестің шешкен мәселелерін бұлжытпай орындап, ислам шарттарын бұзбауы қажет.

Уақыт өте «Хезболла» басқа да шииттер қоныстанған аймақтарға өздерінің ықпалын тарата бастады. Ұйымның саяси ықпалы және беделі қарулануда және әскери өнерді игерудің жоғарылауымен бірдей өсті. Ұйымның басқару орталықтары, әскери іс-қимылдарға жаттықтыратын лагерлері, қойма орындары арнайы жерлерде орналасты. Ұйымның жалпы әскери саны бес мыңға жуық деп саналады. Қаруларына тоқталсақ жеңіл ату қару - жарақтары, минометтер, зымырандар, зымыран қондырғы «Жебе» және реактивті құрылыстар бар. Ең соңғыларының көмегімен олар тұрақты израилдік әскерлер мен шекарада орналасқан қоныстарды атқылап отырған /2/.

Израилдің және «Хезболла» ұйымының бір - біріне қолданып отырған қару - жарақтарына назар салсақ, оны соғысқа теңеуге болады. Егер шынайы салыстырсақ ливандық қару-жарақ «сапасы» жағынан израилдің соңынан ілесіп келе жатыр. Себебі, Израилде атом қаруы барын естен шығармауымыз керек. Оның үстіне израил аймағында зымырандарға қарсы қондырғылардың соңғы үлгілері орналасқан.

«Хезболла» ұйымының ең танымал лаңкестік қадамы американдықтарға қарсы Ливан астанасы Бейрутте 1983 жылы 23 қазанда өзін-өзі өлтірушілер арқылы американдық және француздық әскери казармаларына қарсы іс-әрекеттері. Нәтижесінде, АҚШ жағынан 240, 58 француз әскерлері қаза тауып, жүздеген әскерлер жараланды. 1989 жылғы Бейруттегі АҚШ елшілігіне жасалған лаңкестік жарылыста 24 адам қайтыс болса, 90 адам жарақат алды. АҚШ үкіметі «Хезболла» көшбасшысын Мухаммед Хусейн Фадлалды әлемнің 18 қауіпті лаңкестерінің бірі деп жариялады.

«Хезболла» ұйымының құрылуында бастапқы кезде көптеген шииттік топтар, мысалы, «Исламдық джихад», «Революциялық тең әділдік ұйымы» және т.б. көптеген ұйымдар қатысып, лаңкестік оқиғаларды ұйымдастырды. Нәтижесінде, көптеген лаңкестік іс-шаралар басқа ұйымдар басшы болып саналса да «Хезболла» партиясы жауапты деп танылып отырылды.

1990 жылдан бастап «Хезболла» әскери құрылымнан саяси бағыттағы партияға көше бастады. 1992 жылы ұйымнан әскери күш бөлінді. «Хезболла» елдегі ішкі және сыртқы іс - әрекеттерге араласып аймақта саяси беделін көтерді. Сол жылы партия парламент сайлауына қатысып, 128 орынның 8 иемденді. Бұл жеңіс ұйым үшін өте маңызды саяси қадам болып саналды. 1995 жылы АҚШ президенті Билл Клинтон американдық банктерге «Хезболла» ұйымы мүшелерінің қаржы тасымалдауға қарсы жарлық шығарды, себебі, ұйымның іс - әрекеттері болашақта Таяу Шығыста бейбітшілікті құруда кедергі болады деп есептеді. Бірақ, бұл пікірді барлығы мойындамады /3/.

2000 жылы Хасан Насралла БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннанмен кездесті. Кездесу «Хезболла» ұйымын әлемде саяси ұйым ретінде танылып мойындалғандығын айқындады. Сол жылы парламенттік сайлауда ұйым өкілдері 12 мандатқа ие болып, қорғаныс министрі, экономика, еңбек, өндіріс министрлігінде қызметтер атқарды. Ұлттық Ассамблеяда «Хезболла»

аймақтың бірден-бір саяси күшіне айналды.

Кейінгі жылдары «Хезболла» беделі көтеріліп, саясатта басшы орындарда көріне бастады. 1996 жылы ұйымның рухани көшбасшысы Фадлалла олардың АҚШ-пен келіссөз жүргізуде көзқарастары мен қызығушылықтары бар екендігін айтқан болатын.

Ұйым өкілдері «Хезболланың» Америкада және Еуропада беделін өсіргісі келетіндіктерін баса айтты. 2000 жылы сайлаудың алдында шыққан ұйымның бағдарламасы алдыңғы нұсқалардан айырмашылығы өте зор. Ұйым мақсаты әлемді «өркениеттік» исламмен таныстыру деп қойды. Олар әділдік әкелетін және адамдардың құқықтарын қорғайтын, білімді дамытатын, дәрігерлік қажеттілікті жақсартатын жүйені құрамыз деп мәлімдеді.

Басқа сөзбен айтқанда, «Хезболла» ливандық негізгі партия ретінде таныла басталды, ол ірі шииттік қоғамдық және гуманитарлық, кейін әскери күш болып есептелінді. Ол өзін құрамында 1, 2 млн. адамы бар саяси партия деп санады. Партия басқармасында: 9 мектеп, 3 емхана, 13 тіс ауруын емдейтін клиникасы бар. Ұйым басқаруындағы емханалар мемлекеттік емханалармен салыстырғанда әлдеқайда жақсы деп бағаланады.

Ұйым үйлерді, іскер орталықтарды, Ливанның оңтүстігінде жарылыс кезінде қираған ғимараттарды, жолдарды жөндеуге тұрақты түрде қаржы бөлуде. Сонымен қатар, ұйым «әл-Манар» телеарнасы, «ан-Нур» радио орталығын және интернет жүйесінде бірнеше сайттарын ашуда. Жалпылай алғанда Насралла: «Біз шииттік көшенің негізгі күшіміз» - деп жариялады.

«Хезболланың» ливандықтар үшін саяси беделге айналуы, ұлттық «шет елдік жаулап алушыларға» қарсы күш, Таяу Шығыстағы негізгі күш ретінде қалыптасуы тек оның басшылығының ғана еңбегі емес деп есептейді. Оның ішінде Иран көмегін естен шығармауымыз керек. «Хезболланы» әлемдік ұйым ретінде аймақта тұрақтандырып, Ливанда әскери - саяси негізгі күшке айналдыруды алдына

негізгі мақсат етіп қойған Тегеран оларға тек әскери ғана емес, барлық салаларда көмек көрсетіп келеді.

Соңғы жылдары Иран «Хезболлаға» жылына 100 млн. АҚШ доллар көлемінде қаржылай көмек көрсетуде деп есептелсе, іс жүзінде Ливанның шииттік көшелеріне салған қаржы миллиард доллардан асып кетіп отыр. Қорытындылап айтатын болсақ бұл ұйым Иранның және Сирияның көмегі арқасында Ливанның шииттік аймақтарында оларды ауыр жағдайдан алып шығатын негізгі күш деп танылуда. «Хезболланың» шииттік ұйымдар көмегімен шииттік көшелерде дәрежені көтеріліп отырғандығын айтуға болады.

Бұл тек «Хезболла» үшін ғана емес ливандық шииттер үшін маңызды болып отыр. Ливандық қауымдастық түрлі топтардың шоғырлануымен анықталады. Христиан - марониттер, проваславты христиандар (армяндар, гректер), друздар, мұсылман - сунниттер, шииттер. Ұлттық жоғарғы мемлекеттік органдарды басқарып реттелуі, топтар арасындағы қарым - қатынастарды шешу негізінде құрылған. Ұйым Христиан - марониттерге президенттік және арнайы қызмет топтар басшылығын ұсынса, мұсылман - сунниттерге премьер - министр лауазы ұсынылса, шииттерге ешқандай тұрақты билік берілмеді.

Құқық бұзушылық, теңсіздік 1975 жылы азамат соғысына алып келді. Шииттер халықтың 45% құрағандықтан мемлекеттік биліктен орын беруді талап ете бастады. Бұл көтерілісті Ливандағы шииттер орналасқан аймақтардағы халықтардың әлеуметтік - экономикалық жағдайы өте нашарлығы жағдайды ушықтырды. Саяси мәселелермен қатар әлеуметтік - экономикалық міндеттемелер де пайда болды. Сондықтан да ирандық исламдық революция идеясы өз уақытысында аймақта қолданылып, сәтті аяқталды. Иран, сириялық басшылықпен тығыз байланысы «Хезболла» үшін маңызды болғанымен, алғашқы кезде олар өз-ара кедергі жасап отырды.

Бұл жерде «Хезболла» шетелдік қаржымен Ливанда көтеріліс ұйымдастыр-

са да, олардың өз бетінше жұмыс істей алмауы қаржыландырушыларға ұнамады.

Соңғы кездері «Хезболла» көпшіліктен қолдау тапқан жағдайда, Ливан мемлекетінде ислам мемлекетін құру туралы идея ұсынууда.

Хасан Насралла халыққа өз мәлімдемелерінде: «Хезболла» қазіргі уақытта – ливандық ұйым және ол ливандық көзқарастар негізінде жұмыс істейді. Ешқандай, соның ішінде АҚШ - пен қарама - қайшылық туралы сөз де жоқ» - деп айтуда.

Сирия мен Иран ұйымды аймақта ықпал етуші құрал ретінде қолданып, оларға қаржылай көмектескенімен, «Хезболла» ұйымы аймақта тұрақтанып, беделді бола бастағандықтан, көмек көрсетуші мемлекеттер ықпалынан ажырау саясатын ұстануда. Партия көмекті экономикалық - саяси тұрақтану мақсатында пайдалануда.

Қазіргі таңда «Хезболла» ұйымы Тегеран мен Шам елінен толығымен босады деп айту қиын. «Хезболла» Иран мен Сирияны дос мемлекеттер ретінде қарастыруда. Осы достық қарым-қатынас барысында олар ұйымға ықпал етуі де, етпеуі де мүмкін. Иран мен Сирия өз кезегінде ұйымға қаржылай көмек мөлшеріне ықпал жасайтындығы түсінікті.

Бұл жағдай шын мәнінде қалай жүзеге асатынын ұйымның жақтаушылары Ливаннан сириялық әскерді шығаруды талап еткен кезінде байқалды. Тегеран мен Дамаск «Хезболланы» Таяу Шығыстағы негізгі ықпал етуші күш ретінде қолдануында. Ливандық шииттер саяси оқиғалардың қармағында десек болады.

Ұйымды АҚШ пен Израил, бір жағынан, Үлкен Таяу Шығыс мәселесінде қолданса, екінші жағынан, Иран мен Сирияның - қарсы қолдану құралына айналуы мүмкін. «Хезболла» ұйымы үшін мұндай саяси ойын, ливандық шииттік бағыттағы аймақтағы беделін ұстап тұруда тиімді пайдалануды қолдана алатындығымен пайдалы. «Хезболла» үшін қауіпті жағдай, егер АҚШ «Сирия мен Иран» мәселесін шешуде ұйымды жойып жіберсе, нәтижесі, аймақта жаңа ислам бағытындағы ұйымдар пайда болып Ливан,

Таяу шығыс аймағы, Еуропа мен АҚШ үшін күтпеген жағдайларға алып келуі мүмкін.

Соңғы жылдардағы Ливандағы жағдайдың күрт шиеленісуіне, мемлекет басшылығының елдің ақпараттық жүйесіне тәртіп орнатқысы келуінде. «Хезболла» ұйымына қарасты телекоммуникациялық компанияны жабу туралы шешім қабылданылып, оны тек ұйым мүшелеріне ғана қолдануға болады деп шешілді. Үкіметтік билік телекомпанияны жабуға шешім қабылдауы елде жағдайды күрт өзгертіп, қарсылыққа алып келді.

«Хезболла» ұйымы мен «Болашақ үшін қозғалыс» топтары арасында аймақ үшін күрес басталды. Бұл шииттік және сунниттік топтар арасындағы күрес. Парламенттік көпшілік дауысқа ие көшбасшы Саад Харари үкімет басшыларының қолдауымен күресті басқарды. Шииттер және олардың одақтастары батыс Бейруттың көптеген жерін өз қолына қаратты, халықарылық әуежайға өз билігін орнатты, телеарналар орналасқан ғимараттарды қиратып, Хариридін қолына қарайтын көптеген радио, газет орталықтарын жарып, өздері билік құрды /3/.

Ливан премьер - министрі Фуад ас - Синьора Ливан «Хезболлаға» қарсы соғыс ашпайтынын мәлімдеді.

Жауап ретінде оппозиция лидері Бейрут аймағын босатып, әскери билікті өзіне қараты. Аймақтағы жағдай бір қалыптылыққа түсті, алайда 13 мамырда пулемет пен миномет қолданылған күрес басталды.

Күрестің басталуына «Хезболла» ұйымының телеарнаны жауып тастағандығында емес, Ливан үкімет басшылығында «Хезболла» партиясының беделінің өсуінде, нәтижесінде, басшылық орындарды иемденеді деген ой желісінің орын алуында. Шииттік ұйым тек телекоммуникациялық жүйеде ғана емес, басқа да салаларда да үкіметтің рөлін төмендетті. Олар Ливанда барлық саласында ықпалын жүргізе бастады. «Хезболла» туралы кейінгі уақытта «мемлекет ішіндегі мемлекет» деген атақ таралуда. Олардың қол астында қарулы күш, телеарна, газет, жол және көлік

құрылысымен, емхана, білім орталықтары бар ұйымға айналуға. Мұндай дәрежеге жетуінде шет елдік көмектің рөлін ескеруіміз керек.

Тегеран мен Дамаск көмектерін пайдалана отырып «Хезболла» ұйымы қазіргі таңда басқа да саяси күштерге өнеге көрсетуде. Христиан - маронит басшысы генерал Мишель Аун мұсылман - шииттер көмегімен Ливан президенттігін жоспарлауда. Шииттерді друздардың бірқатар бөлігі қолдауда, ескеруіміз керек, друз басшысы Валид Джумблат «Хезболла» ұйымына қарсы.

Шииттік ұйым аймақта бірнеше жаңа үлкен саяси мәселелерді тудырып, нәтижесінде, уақыт өткен сайын ішкі саясатта билік үшін күресте шиеленіс өсуде. Арабтар мен израил арасындағы қақтығыста «Хезболла» ұйымы белсенділік танытып, қарсы ұйымдардың ішінде көшбасшыға айналды. Дж.Буштың Израилге іс-сапарының нәтижесінде Палестина еліне егемендік беруінде қолдайтындығын жариялаған болатын. Оның негізгі мақсаты Хезболла партиясының жүргізіп отырған саясатымен қатар Иран мен Сирияның сыртқы мәселесіндегі аймақтық қақтығыстарға байланысты ұстанымдарын айқындау.

«Хезболла» араб - израил қайшылық аймағында Тегеранның негізгі одақтасы. Батыс пен Израилдің саясаты Иранның ықпалын әлсіретіп, шииттік Ливандық күшті жою, геосаяси жағдайды өздеріне қарату. Нәтижесінде, аймақта Иранның беделі түседі. «Хезболламен» қарым-қатынас тоқтатылса, Иранның ядролық қару мәселесі жаңа деңгейге көтерілетіндігі сөзсіз.

1. Наумкин В.В. Исламский радикализм в зеркале новых концепции и подходов. М., 2005.
2. сонда
3. Япигавский А. ХАМАС и геополитические процессы на Ближнем Востоке // Мировая экономика и международные отношения (Москва). 2008. -№5.

В статье охарактеризована деятельность организации Ближнего Востока в частности организация «Хезболла» и вме-

сти с тем, была описана политика Ирана и Западных стран.

That article describes the activities of the organization of the Middle East in particu-

lar Hizbullah and at the same time was described by the policy of Iran and Western countries.

Е.Ә. Керімбаев

СУН ЯТСЕН ЖӘНЕ ҚЫТАЙДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МӘСЕЛЕ

Қытай Халық Республикасы құрылғанға дейінгі 1911-1949 жж. аралығындағы кезең Қытайдың бірқатар ұлттық аудандарындағы бір-біріне қарсы күштердің өз мүдделерін көздеген өткір талас-тартысымен, Орталық мемлекеттің ауқымды аймақтарындағы хань емес ұлттардың ұлттық қозғалыстарының жаппай өршуімен ерекшеленеді. Бұл кезең Сун Ятсеннің «үш халықтық принцип» ілімін жасап, біртұтас, мықты, тәуелсіз Қытай мемлекетін құру туралы насихатын таратқан кезі. Және де бұл кезең Қытайда Гуоминдаң партиясының билігі орнаған, қытай ұлты культі доктринасы мен хань емес ұлттарды барынша тез қытайландыру идеясын ойлап тауып, сол идеяларды жүзеге асыруға тырысып көрген кезең болды. Осы жылдары ҚКП басқарған революциялық қозғалысқа хань емес ұлттардың да қатысуын көздеген, әр ұлт өз тағдырын өзі шешуі керек деген маркстік-лениндік талапты алға тартқан қытай коммунистері белсенділік танытты.

Кеңес Одағы тұсында және одан кейінгі кезеңде Сун Ятсенді саясаткер, әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың авторы, революционер-демократ тұрғысынан қарастырған еңбектер жетерлік. Бірақ, оның ұлтшылдыққа қатысты ойлары туралы талдап жазылған еңбектер көп емес. Сол еңбектердің ішіндегі бірегейі деп Қытайдың ұлттық саясатын зерттеп жүрген Ресей қытайтанушысы А.А. Москалевтің еңбектерін атауға әбден болады.

Бұл мақалада Сун Ятсеннің ҚХР-ның ұлттық саясатының деніне әсер еткен ұлттық мәселелерге, ұлтшылдыққа қатысты ойларына, тұжырымдарына талдау жасалады.

Сун Ятсеннің Қытайдағы ұлттық мәселенің түрлі аспектілеріне қатысты тұжырымдары оның «үш халықтық принцип» ілімінің маңызды бөлшегі болып табылатын ұлтшылдық идеясымен тығыз байланысты. Бұл ілімін Сун Ятсен Синхай революциясына дейін-ақ жасаған еді. Алайда, жылдар өте келе әлемдегі, елдегі саяси жағдайдың өзгеруіне орай және жаңа Қытай үшін болған талас-тартыстың барысында жинақталған тәжірибесін негізге ала отырып ол өзінің «ұлтшылдық принципінің» мазмұнын ішінара өзгертіп отырды. Бірақ, қалай болғанда да Сун Ятсеннің осы мәселелерге қатысты тұжырымдарының негізі біршама берік, өзгеріссіз сақталды. Тек қана өмірінің соңына қарай Гуоминдаң партиясының 1 съезінің манифестінде жарияланған Қытайдың барлық ұлты өз тағдырын өзі шешуі керек деген талапты қабыл алған кезінен оның ұлттық мәселеге қатысты ұстанымы жаңа түрге ие бола бастағанын байқауға болады /1, 14-15/.

А.А. Москалев Сун Ятсеннің ұлтшылдыққа қатысты тұжырымдарының қалыптасу эволюциясын төрт кезеңге бөліп қарастырады. Бастапқы кезең сунятсендік ұлтшылдықтың негізін және даму бағытын айқындайтын алғашқы ұлтшылдық ұрандар пайда болған 1893 жылдан бастау алады. Екінші кезең ХХ ғасырдың алғашқы жылдары мен 1912 жылдың аяғына дейінгі кезеңді қамтиды. Осы кезде сунятсендік ұлтшылдықтың мазмұнының ауқымы кеңейіп, антиманжурлық ұстанымдары жүзеге аса бастайды. Хань емес ұлттарды ассимиляциялауға қатысты бағдарлы талаптардың алға тартыла бастауы да осы кезеңге тура келеді. Бұл кезеңді «бес ұлт Республикасы» доктринасын Сун Ятсеннің өзінің